

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының мәртебесі мен өкілеттігі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1148 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2007.08.13. N 379 Жарлығымен.

Ескерту. Жарлықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 тамыздағы N 379 Жарлығымен.

"Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 19) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы (бұдан әрі - Мемлекеттік хатшы) Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Қазақстан Республикасының лауазымды тұлғасы болып табылады.

2. Мемлекеттік хатшы өз қызметін Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей басшылығымен жүзеге асырады және оған есеп береді әрі бақылауында болады.

3. Мемлекеттік хатшы қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңдары, осы Жарлық пен Қазақстан Республикасы Президентінің өзге де актілері құрайды.

4. Мемлекеттік хатшы мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының Президенті үшін:
ішкі саясат пен өңірлік дамудың негізгі бағыттары;

< * >

жекелеген қоғамдық-маңызды іс-шараларды іске асыру жөніндегі ұсыныстарды талдап жасайды;

2) Мемлекет басшысының тапсыруы бойынша мемлекеттік органдармен, саяси партиялармен және өзге де қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда оның мүдделерін білдіреді;

3) Мемлекет басшысының жанындағы мынадай консультативтік-кеңесші органдардың қызметін үйлестіреді: Ұлттық кеңес, Қазақстан халықтарының Ассамблеясы, Адам құқықтары жөніндегі комиссия, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы

мәселелері жөніндегі комиссия, Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын тапсыру жөніндегі комиссия, Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссия, Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия, мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломын тапсыру жөніндегі комиссия;

4) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасында қоса атқарушы ретінде тіркелген шетелдік мемлекеттердің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдайды;

6) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 1306 Жарлығымен.

5. Осы Жарлықпен белгіленген өкілеттіктерді іске асыру мақсатында Мемлекеттік хатшы:

1) өкімдер шығаруға;
2) орталық және жергілікті атқарушы органдарға тапсырмалар беруге;
3) Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның Палаталарының, Үкіметінің отырыстарына қатысуға;

4) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты, құжаттар мен басқа да материалдарды сұратуға және алуға;

5) Мемлекеттік хатшының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің жобаларын әзірлеу, Мемлекет басшысы алға қойған өзге де міндеттерді шешу үшін ведомствоаралық жұмыс топтарын құруға хақылы.

6. Мемлекеттік хатшының қызметін ұйымдық-құқықтық, ақпараттық-талдау және өзгедей қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Әкімшілігі жүзеге асырады.

7. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің мәртебесі мен өкілеттігі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 12 наурыздағы N 824 Жарлығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., N 9, 64-құжат).

8. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Президенті

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК